

Рухты іске қосатын кез жетті



Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ,
философия
ғылымдарының
докторы, профессор

Рух мәселесі гуманитарлық ғылымдар, соның ішінде философияда, әдебиеттануда айрықша орын алады. Рух дегеніміз – жасампаздық, алға ұмтылу, халықтың да, адамның да өзінен-өзі асып түсуге тырысқан ынта-жігері. Рух дегеніміз – ар-намыстың үстемдігі. Рух туралы атақты неміс философы Гегель «Рух феноменологиясы», «Рух философиясы» деген іргелі еңбектер жазған. Ол рухты дүниедегі өзгерістердің түпкі негізі деп есептеді. «Рух феноменологиясы» деген шығармасында «Господство и рабство» («Қожайын және құлдық») деген тарау бар. Гегельдің пікірінше, қожайын болатын адам – батыл, өжет, өзін-өзі сыйлайтын, еркіндігін бәрінен де жоғары қоятын ар-намыстың адамы. Құл болатын, керісінше, әлсіз, жасық, өзін-өзі білмейтін, сыйламайтын, кімге болса да қызмет етуге дайын тұратын қор болған адам. Қожайын мен құлдың қарым-қатынасында қожайын үстемдік құрып, құл оған тәуелді болып, оған қажетті материалдық игіліктерді өндіреді. Қожайын әзір асқа тік қасық болып, қарап жатады, ал құл күні бойы еңбек етеді.

Бірақ осы еңбегінің арқасында құл өседі, жетіледі, сана-сезімі артады, өзін-өзі таниды, өз жағдайын түсінеді, өзінің құлдық жағдайына наразы болып, құлдықтан құтылуға тырысады. Ал жалқаулық, жатық ішерлік, еңбек етпеу қожайынның тұлғалық қасиетіне нұқсан келтіріп, ақыры оны өзінің құлына тәуелді етеді. Еңбектің арқасында құл қожайынның қожайыны болады, ал еңбекті менсінбеудің салдарынан қожайын құлдың құлына айналады.

Рухы оянған, рухы биік адам, Гегельдің пікірінше, ешқашан ешкімге құл болмайды. Рухы биік халық артта қалмайды. Кешегі соғыста кеңес одағынан тас-талқан болып жеңілген Германия мен Жапония рухтың, ар-намыстың, табандылықтың, ізденіс пен еңбекқорлықтың арқасында суырылып алға шықты. Қоғам тарихында адам өмірінде рух

қа сұраныс туатын, рухты іске қосатын сәттер туады. Бір кезде Абай халқының, қазақтың көп ілгері кеткен ұлт-ұлыстармен теңелгенін қалап, «Болмасаң да ұқсап бақ» деді. Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» деген ұран тастап, артта қалған халқын бір сілкітіп, алға жетелемек болды. Кешегі Ұлы Отан соғысында елге қауіп төніп, «өмір не өлім» деген шешуші сәт туғанда Бас қолбасшы И. Сталин ер ұлттың тарихында өшпес із қалдырған күдіретті тұлғалардың атын атап, рухына тағзым етті. Сөйтіп, халықтың отаншылдық сезімін оятты. Отанды қорғап қалу ұранын көтерді.

Рухы оянбаған, рухани жұтаңдыққа тап болған адамдарды орыс жазушысы Н. Гогольдің ізімен «өлі жандар» деп атауға болады. Тірі жүрсе де, ояу жүрсе де, мұндай адамдардың ешкімге ықпалы болмайды.

Орыс философы Н. Бердеев екі түрлі адам болмысы туралы жазады. Біреуі – кәдімгі адам, көптің бірі, индивид. Ол суырылып алға шықпайды, көптің тасасында қалады. Оған ешкім көңіл бөлмейді. Ол – қуыс кеуде, бос орын. Ол өз шеңберінен шыға алмайды. Мұндай адамдар сол кезде де, өкінішке орай, қазір де аз емес, тіпті көбейіп барады.

Екінші адам – тұлға. Ол әрқашан да дара, басқаларға ұқсамайды. Оның өзі де, сөзі де, мінезі де, ісі де ірі. Ол дүниеде, өмірде болып жатқан жағымсыз жайттарға немқұрайлы қарамайды, қалай еткенде де араласып, соларға ықпал етіп, жағдайды түзетуге күш салады. Қазіргі заман осындай тұлғаларға зәру. Бір кезде мен «Егемен Қазақстанда» осы жөнінде жазып едім (12 мамыр 2010 жыл).

Тұлғаның өзіндік қасиеті – рух, ар-намыс. Тұлға – рухтың адамы. Рух оны өне бойы алға жетелейді.

Мен студент шәкірттеріме Қазақстанның ертеңгі болашағы сіздер сияқты жастарға байланысты, сіздер ынталы, жігерлі, намысқой, батыл, бір сөзбен айтқанда, рухты болсаңдар, еліміз дамыған елдердің қатарында болады деп айтамын.

Біз ешкімнен кем емеспіз. Бізде бәрі бар, Елбасы айтқандай, қазақ тарихында біз ұялатындай ештеңе жоқ. Керісінше, біз үлгі тұтатын, мақтаныш ететін ерлеріміз де, хандарымыз да, билеріміз де, ақындарымыз да болған. Бүгінгі осындай ұлан-байтақ жерді сол бабаларымыз сыртқы жаудан қорғап, бізге мұра етіп қалдырған. Біздерден де ертең не қалады? – деп бәрімізге ойлану керек.

Сұңғыла Елбасы алдымызға дамыған 30 елдің қатарына жету міндетін қойғанда,

еліміздің, халқымыздың мүмкіндігін саралап білген. Осы міндетті ойдағыдай іске асыру үшін халқымызға, әрбір қазақстандықтарға, қазақтарға материалдық мүмкіндіктермен бірге рух күші керек. Рухымыз ояну керек. Сондықтан да Елбасы «Рухани жаңғыру» стратегиялық бағдарламасын ұсынып отыр. Бұл бағдарлама – 2004 жылы қабылданып, іске асып келе жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасының заңды жалғасы.

Рух мәселесі мені де көптен бері толғандырып келеді. Осыдан біраз жыл бұрын Гегельдің «Рух феноменологиясынан» кандидаттық диссертация қорғаған едім. Рухтың жасампаз рөлі туралы, елде белең алған рухани жұтаңдық туралы баспасөз бетінде де әлденеше рет жазғанмын, «Егемен Қазақстанның» меншікті тілшісі, танымал жорналшы Қазбек Құттымұратұлы бұдан он жыл бұрын мен жөнінде «Орал өңірінде» «Рухтың жоқшысы» деген көлемді мақала жариялады (2008 жыл 8 қазан).

Рухты жаңғырту ісіне атаналар да, мұғалімдер де, ұстаздар да өз үлесін қосуға тиісті. Олар балаларының шәкірттерінің қандай екенін, қалай өсіп келе жатқанын біледі. «Бара-бара түзеледі», «өмір өзі үйретеді» деп ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қарауға, бейқам қалуға болмайды. Қазір компьютер, интернет, смартфон, қалталы телефон жастардың күнделікті ермегіне айналды. Кітап, әсіресе, көркем әдебиет жайына қалды. Пушкинді, Достоевскийді, Л. Толстойды, Абайды, Әуезовті, С. Мұқановты оқымаған ұрпақ өсіп келеді. Бұл ұрпақ рухтан да тыс қалады деген сөз. Бұл да күрделі мәселеге айналды.

Рухани жаңғырудың мәнісі, менің ойымша, адамның санасын, ниетін өзгерту, қоғамның санасын жаңғырту. Елбасы: «Біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» – дейді. Болмыс көбіне сананы билеп келсе, сана да, рух та болмысты билеуі керек. Бұл – идеализм де, материализм де емес, реализм. Адамның санасы да, ісі де, болмысы да рухтан бастау алып, рухты жүзеге асыруы керек. Рухтың жасампаз күшін іске қосу үшін оны әр адамның санасына сіңіріп, игілігіне айналдыру керек.

Мен рухани жаңғырудың миссиясын осылай түсінемін. Рух біздің бүгінгі идеологиямыз болуы керек.

